



Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 20 қараша N 1622.
Күші жойылды - ҚРУ-нің 1999.03.31. N 347 қаулысымен

"Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқарудың пәрменділігін одан әрі арттыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 10 қазандығы N 3655 U973655_ Жарлығының негізінде Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі туралы ереже;

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің қарауындағы мекемелер мен ұйымдардың тізбесі бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 23 мамырдағы N 876 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 20 қарашадағы
N 1622 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Экология
және табиғи ресурстар министрлігі туралы

ЕРЕЖЕ

I. Миссиясы

Қоғам мен қоршаған ортаның өзара қатынасын үйлестіру.

II. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау орталық атқарушы органды болып табылады.

2. Министрлік өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

3. Министрлік пен оның аумақтық органдарының өздерінің құзыretінің шегінде қабылдаған шешімдері Қазақстан Республикасының барлық министрліктерінің, мемлекеттік комитеттерінің, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдарының, үйымдарының, ведомствоның бағыныстырығы мен меншік нысандарына қарамастан жеке және заңды тұлғаларының атқаруы үшін міндетті.

4. Министрлік Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі беретін өзінің және ведомствоның бағыныстағы бөлімшелерінің иелігіндегі мүліктерге иелік ету, пайдалану және билік жасау құқығын жүзеге асырады.

5. Министрлік заңды тұлға болып табылады, банкте бюджеттік және ағымдағы шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және мемлекеттік тілде өзінің атауы жазылған мөрі болады.

6. Министрліктің орталық аппаратының құрылымы мен штаттық санын

Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

7. Министрлік пен оның құрылымдық бөлімшелерін ұсташа респубикалық бюджетте көзделген қаржының есебінен жүзеге асырылады.

III. Басымдықтары

Экологиялық қауіпсіз қоршаған ортаны құру.

Табиғи ресурстары тепе-тендікте пайдалану.

Жануарлар және өсімдіктер әлемінің биологиялық алуан түрлілігін сақтау.

Экологиялық оқу-ағарту.

IV. Тапсырмалары

8. Қоршаған ортаны тұрақты жақсартуды және табиғи ресурстарды тепе-тендікте пайдалануды қамтамасыз ету.
9. Қоршаған ортаны және табиғи ресурстарды қорғауды мемлекеттік басқару жүйесін оңтайландыру.
10. Барлық табигатты пайдаланушылардың, қоғамдық, оның ішінде халықаралық қорлардың табигатты қорғау бағдарламаларын бірдей қаржыландыру жүйесін құру.
11. Қоршаған ортаның жай-күйін бақылауды және мониторингін қамтамасыз ету.
12. Экология және табиғи ресурстар саласында оқу-ағарту жүйесін дамыту.

V. Функциялары

13. Республикалық табигатты қорғау қорының қаражаты мен мемлекеттік геологиялық зерделеу қаражатын пайдалану жөніндегі жұмыстарға тапсырысшы болу.
14. Барлық шаруашылық жүргізу什і объектілердің қоршаған ортаны, оның ішінде жер қойнауын қорғау жөніндегі талаптарды сақтауына бақылау жүргізу.
15. Қоршаған ортаны қорғау аясында мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу.
16. Қоршаған ортаның гидрометеорологиялық жағдайы мен экологиялық ахуалына мониторингті жүзеге асыру.
17. Жер қойнауларындағы пайдалы қазбаларға сараптама жүргізу және олардың қорларын бекіту.
18. Экологиялық және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану саласында оқу-ағарту жөнінде ақпараттық-талдау жұмысын ұйымдастыру.

VI. Құқықтары

19. Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен республикалық табиғатты қорғау қорына басшылықты, табиғатты қорғаудың жергілікті бюджеттен тыс қорларының қызметі мен олардың мақсатты пайдаланылуына бақылауды жүзеге асыру.

20. Олардың еңбегіне республикалық табиғатты қорғау қорының қаражатынан ақы төлеу арқылы кен орындарының қорларын бекіту кезінде экологиялық сараптама жасау үшін сарапшыларды тарту.

21. Атқарушы органдардан, сондай-ақ меншік нысандарына қарамастан занды және жеке тұлғалардан жер қойнауы мен қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды өндіру және пайдалану мәселелері жөнінде қажетті ақпарат алу.

22. Өз құзыретінің шегінде табиғатты қорғау талаптарын бұзушыларды жауаптылықта тарту жөнінде шаралар қолдану, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы мәселелерді қарау, шаруашылық және өзге де қызметтерді шектеу, тоқтата тұру және тоқтату, табиғат қорғау зандарында белгіленген талаптарды орындамаған объектілерді пайдаланудан шығару, сондай-ақ талап-арыз ұсыну және табиғат қорғау зандары талаптарының бұзылуы туралы істер бойынша сот талқылауларында мемлекеттің атынан талапкер ретінде қатысу.

23. Қоршаған ортаны ластауға (оның ішінде зиянды заттарды көмуге және қалдық суларды ағызуға, пайдалы қазбалар жұмыстары аландарының құрылышын салуға) қалдықтарды төгуге, орналастыруға рұқсат беру және оны тоқтату.

24. Қоршаған ортаны, экологияны және табиғи ресурстарды қорғау мәселелері жөнінде карталар, кітаптар, журналдар, газеттер, ақпараттық бюллетенъдер, теле және бейне фильмдер және т.б. шығару.

25. Мемлекеттік экологиялық бақылауды, жер қойнауын қорғауды мемлекеттік бақылауды, сондай-ақ жануарлар әлемін (оның ішінде балықтар мен басқа да су жануарларын) қорғауды мемлекеттік бақылауды тікелей жүзеге асыратын Министрлік жүйесінің қызметкерлеріне

республикалық табиғатты қорғау қоры мен мемлекеттік геологиялық зерттеу және жер қойнауын қорғау қорының қаражатынан айырым белгілерімен және бірыңғай үлгідегі қызметтік қуәліктермен бірге техникалық құралдар, жеке қару және нысанды киім-кешек беру.

VII. Міндеттері

26. Елде экологиялық ахуалды нашарлататын кез келген қызмет пен іс-әрекетке жол бермеу.

27. Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны, оның ішінде жер

қойнауын қорғау саласындағы зандарын бұзушыларға бірдей әсер ету шараларын қолдану.

28. Қазақстан Республикасының табиғат қорғау зандарының сақталуын қамтамасыз ету.

29. Коршаған орта мен елдің минералдық-шикізат базасының жай-күйін дұрыс бағалауды және оны Үкіметке хабарлап отыруды қамтамасыз ету.

30. Елдің аумағын жоспарлы түрде геологиялық зерделеуді қамтамасыз ету.

31. Экологиялық ахуалды сақтау әрі жақсарту және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану саясатын болжау.

32. Дүниежүзіндегі экологияға бөлінетін қаражаттарды тарту.

VIII. Жауаптылығы

33. Коршаған ортаның жай-күйі, Қазақстан Республикасы бойынша гидрометеорологиялық деректер туралы ақпараттың дұрыстығы үшін.

34. Елдің аумағын мемлекеттік геологиялық зерделеудің толықтығы мен жер қойнауларындағы пайдалы қазбалардың бекітілген қорларының дұрыстығы үшін.

35. Республикалық табиғатты қорғау қоры қаражатының және мемлекеттік геологиялық зерттеуге бөлінетін қаражаттың ұтымды пайдаланылуы үшін.

36. Коршаған ортаны, оның ішінде жер қойнауын қорғау саласындағы нақты сараптама үшін.

37. Халықаралық экологиялық ұйымдардың бюджеттен тыс қаражаттарын елді экологиялық сауықтыруға белсенді түрде тарту үшін.

38. Халықты экология және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану саласында тиімді насихаттау және оқу-ағарту үшін.

IX. Министрліктің қызметін ұйымдастыру

39. Министрлік пен оның аумактық органдары Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің бірыңғай жүйесін құрайды.

40. Министрлікті Министр басқарады. Министрді Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті

қызметке тағайындауды және қызметінен босатады.

41. Министрдің оның өзінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындаудын және қызметінен босататын орынбасары - вицепремьері болады.

42. Министрліктің құрамына: Геология және жер қойнауын қорғау комитеті, Қоршаған ортаны қорғау комитеті және Басқару және қаржы департаменті кіреді.

ЕСКЕРТУ. 42-тармақ өзгерді - ҚРУ-нің 1998.04.22. N 382 қаулысымен.

P980382_

ЕСКЕРТУ. 42-тармақ өзгерді - ҚРУ-нің 1998.07.22. N 680 қаулысымен.

P980680_

43. Комитеттер Министрліктің құзыретінің және өздеріне берілген өкілеттіктердің шегінде атқарушылық және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ салааралық үйлестіруді және мемлекеттік басқарудың ішкі салаларына басшылықты дербес жүзеге асырады.

44. Комитеттер туралы ережелерді Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді. Комитеттердің штаттық саны мен құрылымын Министр бекітеді.

45. Комитетті Министрдің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындаудын және қызметінен босататын Төраға басқарады.

46. Комитеттің төрағасы Комитеттің жұмысын ұйымдастырады әрі оған басшылықты жүзеге асырады және комитетке жүктелген міндеттердің орындалуы мен оның өз функцияларын жүзеге асыруы үшін жеке жауаптылықта болады.

X. Министрдің өкілеттігі

47. Министрлік қызметінің стратегиясын, мақсаттары және басымдықтарын айқындау.
48. Қоршаған ортаны қорғау және жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу бағдарламаларын бекіту.
49. Қоршаған ортаны қорғау және геологиялық зерттеу салаларында халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасасу.
50. Экология және табиғи ресурстар саласындағы насиҳат жұмысы.
51. Министрлік пен оның аумақтық басқармаларының штат кестесін бекіту.
52. Министрліктің құрамында комитеттердің, департаменттердің, басқармалардың басшыларын, сондай-ақ Министрліктің құрамындағы аумақтық басқармалардың басшыларын, Министрліктің аумақтық органдарының басшыларын қызметке тағайындау және босату.
53. Бас экологиялық сарапшыны, бас экологиялық инспекторды тағайындау.
54. Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген зандарына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.
55. Министрліктің жаңынан шешімі Министрдің бүйрықтарымен өмірге енгізілетін консультациялық-кеңесуші орган - алқа құрылады. Алқаның сандық құрамын Үкімет бекітеді. Алқаның жеке құрамын Министр бекітеді.
56. Жер қойнауын, қоршаған ортаны қоргаудың және табиғи ресурстарды пайдаланудың өзекті мәселелерін қарau мақсатында Министрлік ғылыми-техникалық кеңес, мемлекеттік экологиялық сараптау кеңесін, басқа да кеңестер мен жұмыс топтарын құрады.
- Кеңестер туралы ережелер мен олардың жеке құрамын Министр бекітеді.
57. Вице-министр ол болмаған уақытта Министрді алмастырады, өзіне Министр жүктеген өзге де міндеттерді жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 20 қарашадағы
N 1622 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар
министрлігінің қарауындағы ұйымдардың

ТІЗБЕСІ

"Қазгидромет" мемлекеттік кәсіпорны

"Қазақстан Республикасының геология, экология және табиғи
ресурстар ақпараттық-талдау" орталығы мемлекеттік кәсіпорны

Мамандандырылған гравиметрикалық кәсіпорын

ЕСКЕРТУ. Тізбеден сөз алынып тасталды - ҚРҮ-нің 1998.12.28.
N 1338 қаулысымен.

P981338_